

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану кәсіпорны туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 1 ақпан N 139. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.05.13. N 592 қаулысымен. ~P960592

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 U952335_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік басқару органдарының құрылымын жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының өндірістік-пайдалану бірлестігі Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану кәсіпорны болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Мемлекеттік Уәкілді орган және кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының өндірістік-пайдалану бірлестігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1545 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі